

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 18 бұйрығы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4-1) және 4-2) тармақшаларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

С. Жумангарин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2025 жылғы 30 сәуірдегі
№ 18 Бұйрықпен
бекітілген

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабының 4-1) және 4-2) тармақшаларына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі акционері (қатысушысы, сенімгерлік басқарушысы) болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық компаниялар мен акционерлік қоғамдарды, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді және олар құрған мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың (бұдан әрі – АҚ), жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (бұдан әрі – ЖШС) және мемлекеттік кәсіпорындардың (бұдан әрі – МК) даму жоспарларын, олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу, бекіту, сондай-ақ даму жоспарларының іске асырылуын мониторингілеу және бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) басқару органы – Заңға сәйкес АҚ (ЖШС) акцияларының бақылау пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты және (немесе) мемлекеттік кәсіпорындарды басқару;

2) бекіту органы – Заң мен осы Қағидаларға сәйкес ұйымдардың даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерін бекіту өкілеттіктері берілген АҚ директорлар кеңесі, ЖШС байқау кеңесі, байқау кеңесі жоқ ЖШС және МК бойынша – тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты.

3) біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер – бірдей болмаса да, ұқсас сипаттамалары бар және сол функцияларды орындауға мүмкіндік беретін ұқсас компоненттерден тұратын тауарлар, жұмыстар, қызметтер;

4) даму жоспары – ұйымның бес жылдық кезеңге арналған қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын құжат;

5) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – тиісті аймақта өз құзыреті шегінде жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың әкімі, аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын алқалы атқарушы орган;

6) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган – жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыруға әкімдік уәкілеттік берген, тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме;

7) корпоративтік құрылымдарға кіретін ұйымдар – жүйе құрушы элементтер ретінде бас (иегер) ұйым болатын құрылымның ұйымдары, сондай-ақ акция пакеттерін (қатысу үлесін) иеленуіне қарай оның бақылауындағы ұйымдар, еншілес және/немесе тәуелді заңды тұлғалар және олармен үлестес басқа да заңды тұлғалар, ондағы акциялар (қатысу үлесі) бас (иегер) ұйымға осы заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын береді;

8) қызметтің түйінді көрсеткіштері – ұйым қызметінің тікелей және түпкілікті нәтижесінің көрсеткіштері, сондай-ақ сапа көрсеткіштері (болған жағдайда);

9) мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын және Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген шарттарда республикалық мүлікке қатысты құқықтарды иеленетін орталық атқарушы орган немесе орталық атқарушы органның ведомствосы. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық мүлікке қатысты құқықтарды өзге мемлекеттік органдарға берген жағдайларда, осы Заңның тиісті саланың уәкілетті органы туралы қағидалары осындай мемлекеттік органға қолданылады;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10) мемлекеттік мүлік тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының, Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жедел басқаруындағы мүлікті және мемлекеттік материалдық резерві қоспағанда, мемлекеттік мүлікті есепке алудың бірыңғай ақпараттық автоматтандырылған жүйесі;

11) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – бірыңғай оператор) – "Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 шілдедегі № 802 қаулысында айқындалған заңды тұлға;

12) өнім – ұйымның жарғылық қызметі шеңберінде орындалатын біртектес тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

13) сапа көрсеткіштері – өнімнің белгіленген талаптар мен сатып алушылардың (алушылардың, пайдаланушылардың) үмітіне сәйкес келу дәрежесін көрсететін көрсеткіштер;

14) сәйкестендіргіш – ұйымның бизнес сәйкестендіру нөмірін "14" санынан және даму жоспарының бес жылдық кезеңі шеңберіндегі құжаттың реттік нөмірінен тұратын тізілімнің веб-порталы беретін даму жоспарының (бекітілген/нақтыланған) немесе даму жоспарының орындалуы бойынша есептің бірегей нөмірі;

15) сенімгерлік басқарушы – егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, құрылтайшымен сенімгерлік басқару шартын жасасқан жеке тұлғалар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар;

16) түпкілікті нәтиже көрсеткіштері – белгілі бір уақыт аралығында қол жеткізілуі тиіс белгілі бір қорытындыларды көрсететін көрсеткіштер және даму жоспарында айқындалған, ұйымдардың алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін шешуден болған әсер;

17) тізілімнің веб-порталы – Интернет желісінде www.e-qazyna.kz мекенжайы бойынша орналасқан, тізілім деректеріне бірыңғай қолжетімділік нүктесін ұсынатын интернет-ресурс;

18) тікелей нәтиже көрсеткіштері – ұйым құрған, өткізілген өнімдер көлемінің сандық сипаттамасын көрсететін көрсеткіштер;

19) ұйымдар – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі акционері (қатысушы, сенімгерлік басқарушысы) болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық компаниялар мен акционерлік қоғамдарды, шектеулі серіктестіктерді және өзі құрған мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, мемлекет бақылайтын, оның ішінде сенімгерлік басқаруға берілген АҚ (ЖШС) және МК;

20) ұйымның атқарушы органы – атауы ұйымның жарғысымен айқындалатын, атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға немесе алқалы орган;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

21) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21) электрондық еңбек биржасы (бұдан әрі – ЭЕБ) – жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілер үшін жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық платформасы болып табылатын, жұмыс іздеуді және персоналды іріктеуге жәрдемдесуді, Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексіне сәйкес электрондық және проактивті форматта жұмыспен қамту саласында қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.01.2026 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен

кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.06.2026 № 81 (01.07.2026 бастап күшіне енеді) бұйрықтарымен.

3. Тиісті саланың уәкілетті органдары жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 (бірінші) қыркүйегіне дейін олардың даму жоспарларында (мемлекеттік органның даму жоспарының жобасында) көрсетілген мемлекеттік органдардың мақсаттарына қол жеткізуге алып келетін ұйым қызметінің мақсаттарын, міндеттері мен түйінді көрсеткіштерін әзірлейді және ұйымдарға жібереді.

Мемлекет қатысатын АҚ (ЖШС) акцияларының бақылау пакеті (жарғылық капиталға қатысу үлесі) сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда, сенімгерлік басқарушылар жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 (бірінші) қыркүйегіне дейін ұйым қызметінің мақсаттарын, міндеттері мен түйінді көрсеткіштерін әзірлейді және ұйымдарға жібереді.

4. Жергілікті атқарушы органдар (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар) жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 (бірінші) қазанына дейін астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарында (астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарының жобасында) көрсетілген, жергілікті атқарушы органның мақсаттарына қол жеткізуге алып келетін ұйым қызметінің мақсаттарын, міндеттері мен түйінді көрсеткіштерін және (немесе) астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және ұйымдарға жібереді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 (01.07.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

5. Даму жоспарларын әзірлемейтін тиісті салалардың уәкілетті органдары жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 (бірінші) қыркүйегіне дейін ұйымдарға:

1) тиісті саланың уәкілетті органының бюджеттік бағдарламасының мақсаттарына, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге және міндеттерінің орындалуын алып келетін ұйым қызметінің мақсаттары мен міндеттерін;

2) қызметтің негізгі көрсеткіштерін әзірлейді және жібереді.

Бюджеттік бағдарламаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген не қайта бекітілген жағдайларда тиісті саланың уәкілетті органы бюджеттік бағдарламаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген не ол қайта бекітілгеннен кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұйым үшін қызметтің мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ түйінді көрсеткіштерін нақтылайды.

6. Егер ұйымдар бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға қатыспаған немесе олардың қатысуы мемлекеттік органның даму жоспарында (астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарында) көзделмеген жағдайда, тиісті саланың уәкілетті органы жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 (бірінші) қыркүйегіне дейін немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент,

ауылдық округ әкімінің аппараты жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 (бірінші) қазанына дейін осы органдар қызметінің стратегиялық бағыттарына байланысты ұйымдар қызметінің мақсаттарын, міндеттері мен түйінді көрсеткіштерін әзірлейді және жібереді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 (01.07.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік органның даму жоспарына немесе астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген не қайта бекітілген жағдайда, тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) мемлекеттік органның даму жоспарына немесе астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгеннен не қайта бекітілгеннен кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұйым үшін қызметтің мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ түйінді көрсеткіштерін нақтылайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 (01.07.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

8. Бірыңғай оператор даму жоспарлары мен олардың орындалуы жөніндегі есептердің, даму жоспарларының іске асырылуын мониторингілеудің нәтижелері туралы есептер мен даму жоспарларының іске асырылуын бағалаудың веб-портал тізілімінде сақталуын қамтамасыз етеді.

9. Төтенше жағдай мен шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде осы Қағидаларда көрсетілген талаптарды орындау мерзімі тоқтатыла тұрады және төтенше жағдай мен шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин қолданылу мерзімі тоқтатылғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң қайта басталады.

Төтенше жағдайдың, шектеу іс-шараларының, оның ішінде карантиннің қолданылу кезеңінде, олар ұйымдардың өндірістік көрсеткіштеріне әсер еткен жағдайда, ұйымның даму жоспарын нақтылау жүзеге асырылады, ұйымның атқарушы органының шешімімен қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептеулерін даму жоспарына қарай түзету жүргізіледі.

Бірыңғай оператор тізілім веб-порталында ұйымдардың нақтыланған жартыжылдық даму жоспарының көрсеткіштеріне және даму жоспарына берілген қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемелеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

9-1. Ұйымның атқарушы органы алты айдан астам уақыт бойы бос тұрған штат бірлігі анықталған күннен бастап (бұдан әрі - бос штат бірлігі) немесе ЭЕБ платформасында көрсетілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде оларды қысқарту

туралы шешім қабылдайды және штат кестесіне өзгерістер енгізеді, сондай-ақ осы Қағидаларда көзделген тәртіппен даму жоспарын жартыжылдық нақтылау кезінде еңбекақы төлеу қорын азайту мақсатында түзетеді.

Қағидалардың осы тармағының талаптары атқарушы орган басшысының лауазымдары, штат кестесінде бір бірлік санында көзделген лауазымдар немесе маусымдық жұмыстарда жұмыспен қамтылған қызметкерлер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлердің жұмыс орны сақталатын жағдайларда бос штат бірліктерін қысқарту туралы шешім қабылдау кезінде қолданылмайды.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.01.2026 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Даму жоспарын әзірлеу және бекіту тәртібі

10. Ұйымның даму жоспарын ұйымның атқарушы органы, сенімгерлік басқарушы мемлекеттік органның даму жоспарында, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарында баяндалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес бес жылдық кезеңге бір рет әзірлейді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 (01.07.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

11. МК даму жоспарын тиісті саланың уәкілетті органы, жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты бекітеді.

Байқаушы кеңестері бар шаруашылық жүргізу құқығындағы МК-ның даму жоспарын тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) байқау кеңесінің қорытындысын ескере отырып, бекітеді.

Мемлекет бақылайтын АҚ мен ЖШС даму жоспарларын мемлекет бақылайтын АҚ мен ЖШС директорлар кеңестері (байқаушы кеңестері) бекітеді.

ЖШС-де байқаушы кеңес болмаған жағдайда, даму жоспарын тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылған атқарушы орган) бекітеді.

12. Ұйымның даму жоспары осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15-қосымшаларға сәйкес құрылымға, нысандарға, көрсеткіштерге сәйкес тізілімнің веб-порталы арқылы әзірленеді және мыналарды қамтиды:

ұйымның даму жоспарының/даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің құрылымын;

ұйым паспортын;

корпоративтік құрылымын;

қызметтің негізгі бағыттарын (мақсаттар, міндеттер мен түйінді көрсеткіштер, іске асыру бағдарламасы);

қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері (қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері, кірістер, ақша қаражаты, республикалық бюджет және жергілікті бюджет қаражаты есебінен өнімдерді өткізу, шығыстар, инвестициялар және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, үлестік құралдарды сатып алуды);

қосымша көрсеткіштерді (алып отырған алаң және автокөлік, қарыз алу құрылымы, уақытша бос ақшаны орналастыру) қамтиды.

13. Даму жоспарына түсіндірме жазба жоспарланған бес жылдық кезеңге арналған көрсеткіштер негіздемесін, сондай-ақ даму жоспарының әрбір қосымшасына негіздемелер мен түсіндірмелерді қамтиды.

14. Даму жоспары бес жылдық кезең шеңберінде, жылдар бойынша бөлінген қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштерін көрсетеді.

15. Байқау кеңесі ЖШС және МК-нің даму жоспарын әзірлеу және бекіту тізілімнің веб-порталында жүзеге асырылады.

Байқау кеңесі жоқ ЖШС мен МК-де даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту веб-портал арқылы жүзеге асырылады.

16. Ұйымның атқарушы органы қолданыстағы бес жылдық жоспардың соңғы жылының 20 (жиырмамыншы) қарашасынан кешіктірмей, бекітуші органдарға даму жоспарының жобасын қарап, бекітуге жібереді.

Ұйымның атқарушы органы бекітуші органдарға даму жоспарының жобасымен бір мезгілде осы Қағидаларға 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28 және 29-қосымшалардағы нысандарға сәйкес қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемесін (активтер, пассивтер, персонал, тану көздері бойынша кірістер, ақша қаражатының түсуі және шығуы, республикалық бюджет және жергілікті бюджет қаражаты есебінен өнімдерді өткізу, инвестицияларды, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, негізгі өндіріс жоспары, үстеме шығыстар мен қосымша өндіріске шығыстарды есепке ала отырып негізгі өндіріс шығыстары, көмекші өндіріске шығыстар, үстеме шығыстар, әкімшілік шығыстар, сыйақылар бойынша шығыстар, өзге де шығыстар) ұсынады.

Осы Қағидаларға 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28 және 29-қосымшаларға сәйкес нысандарда көрсетілген қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемесі тек ақпараттық сипатта болады және бекіту нысанасы болып табылмайды.

Атқарушы орган даму жоспарында бекітілген жиынтық көрсеткіштер шеңберінде, осы Қағидалардағы 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28 және 29-қосымшаларға сәйкес нысандарда көрсетілген қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемесіне түзетулерді дербес енгізеді.

Қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемелерін түзету тізілімнің веб-порталында жүзеге асырылады және оған атқарушы органның шешімі негізінде ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылады.

17. Байқаушы кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы МК-на ұйымның атқарушы органы байқаушы кеңестің қарауына қолданыстағы бес жылдық жоспардың соңғы жылының 1 (бірінші) қазанына дейін даму жоспарының жобасын жібереді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы МК байқаушы кеңесі қолданыстағы бес жылдық жоспардың соңғы жылының 25 (жиырма бесінші) қазанына дейін тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы органға) даму жоспары жобасының қорытындысын ұсынады.

18. Бекітуші орган ұйымның даму жоспарының жобасын ол түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

Бекітуші органның ескертулері болған жағдайда, атқарушы орган ескертулер алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде даму жоспарының жобасын пысықтап, оны бекітуші органға бекітуге қайта ұсынады, бекітуші орган пысықталған даму жоспарының жобасын 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

19. Даму жоспарын бекітуші орган жоспарланатын кезеннің алдындағы жылдың 25 (жиырма бесінші) желтоқсанына дейін бекітеді.

20. Бес жылдық кезеңге арналған даму жоспарын бекіту кезеңінде даму жоспарын жыл сайынғы нақтылауды әзірлеу талап етілмейді.

21. Ұйым құрылған жағдайда, тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты ұйым әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы органдар қызметінің стратегиялық бағыттарына байланысты ұйым қызметінің мақсаты, міндеттері мен негізгі көрсеткіштерін әзірлеп, жаңадан құрылған ұйымға жібереді.

22. Жаңадан құрылған ұйымның атқарушы органы осы органдар қызметінің стратегиялық бағыттарына байланысты ұйымдар қызметінің мақсатын, міндетін және негізгі көрсеткіштерін алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде бес жылдық кезеңге арналған даму жоспарын әзірлейді және оны бекіту органына қарауға жібереді.

Бекітуші орган жаңадан құрылған ұйымның даму жоспарының жобасын түскен күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

Бекітуші органның ескертулері болған жағдайда, ұйымның атқарушы органы ескертулер алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде даму жоспарының жобасын пысықтап, оны бекітуші органға бекітуге қайта ұсынады, бекітуші орган пысықталған даму жоспарының жобасын 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

23. Ұйым даму жоспары бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оған ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойып, сәйкестендіргішін көрсете отырып, бекітуші органның PDF форматында сканерленген шешімін тіркеп, тізілімнің веб-порталы арқылы тізілімге қосу үшін бірыңғай операторға жібереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

24-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Бірыңғай оператор даму жоспары түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұйымның электрондық мекенжайына даму жоспарының тізілімге қабылданғаны туралы хабарлама, не оны қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарлама жібереді.

Мыналар:

1) бекітуші органның даму жоспарының бекітілгені туралы қоса сканерленіп, тіркелген шешімінің болмауы;

2) ұйымға тиесілі емес электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылуы даму жоспарын қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Бірыңғай оператор даму жоспарын қабылдаудан бас тартқан жағдайда, ұйым ескертулерді жойып, даму жоспарының қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бірыңғай операторға даму жоспарын қайта енгізеді.

1-параграф. Даму жоспарын жыл сайынғы нақтылау

25. Бекіту органы бекітілген даму жоспарының екінші жылынан бастап Даму жоспарын жыл сайын нақтылауды жүзеге асырады. Республикалық және/немесе жергілікті бюджеттен шығыстар жоспарланатын ұйымдарды қоспағанда, атқарушы орган екінші жартыжылдықта жартыжылдық нақтылау жарияланған күннен бастап жыл сайынғы даму жоспарын нақтылау жобасын әзірлейді.

26. Республикалық және/немесе жергілікті бюджеттерден шығыстар жоспарланатын ұйымның атқарушы органы бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жеткізген шығыстар лимиттерінің, сондай-ақ Бюджет кодексінің 43-бабына сәйкес жүргізілетін шығыстарға стратегиялық шолу қорытындыларының негізінде жыл сайынғы даму жоспарын нақтылау жобасын әзірлейді.

Республикалық және/немесе жергілікті бюджеттерден шығыстар жоспарланатын ұйымның атқарушы органы ағымдағы қаржы жылының 1 (бірінші) мамырына дейінгі мерзімде жыл сайынғы даму жоспарын нақтылау жобасын бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне келісуге және квазимемлекеттік сектор субъектілері жүзеге асыратын шығыстар қамтылатын бюджеттік бағдарламалардың паспортына енгізу үшін жібереді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне жіберуге арналған даму жоспарын жыл сайынғы нақтылау жобасын бекіту талап етілмейді.

27. Ұйымның даму жоспарын жыл сайынғы нақтылау осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

28. Ұйымның атқарушы органы осы Қағидалардың 15 және 16-тармақтарының ережелерін ескере отырып және соларда көзделген тәртіппен ұйымның даму жоспарын жыл сайынғы нақтылау жобасын жоспарланған кезеңнің алдындағы жылдың 20 (жиырмасыншы) қарашасынан кешіктірмей бекіту органына қарауға жібереді.

29. Байқаушы кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы МК-ға ұйымның атқарушы органы жоспарланған кезеңнің алдындағы жылдың 1 (бірінші) қазанына дейін даму жоспарын жыл сайынғы нақтылаудың жобасын байқаушы кеңеске қарауға және келісуге жібереді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқаушы кеңесі жоспарланған кезеңнің алдындағы жылдың 20 (жиырмасыншы) қазанына дейін тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджетпен қаржыландыратын атқарушы органға) даму жоспарын жыл сайынғы нақтылаудың жобасына қорытынды ұсынады.

30. Бекіту органы ұйымның даму жоспарын жыл сайынғы нақтылау жобасын осы Қағидалардың 18-тармағында айқындалған мерзімде және тәртіппен қарайды.

31. Даму жоспарын жыл сайынғы нақтылауды бекіту органы осы Қағидалардың 15-тармағының ережелерін ескере отырып, жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 25 (жиырма бесінші) желтоқсанына дейін бекітеді.

32. Ұйым даму жоспарын жыл сайынғы нақтылау бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оған ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қояды және сәйкестендіргішін көрсете отырып, PDF форматында бекітуші органның сканерленген шешімін тіркеп, тізілімнің веб-порталы арқылы тізілімге қосу үшін бірыңғай операторға жібереді.

33.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

33-тармақтың бірінші, екінші бөлігі 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 бұйрығымен (мәтін алып тасталды).

Мыналар:

1) бекітуші органның даму жоспарын жыл сайынғы нақтылауды бекіту туралы қоса берілген сканерленген шешімінің болмауы;

2) ұйымға тиесілі емес электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылуы нақтыланған даму жоспарын қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Бірыңғай оператор нақтыланған даму жоспарын қабылдаудан бас тартқан жағдайда ұйым ескертулерді жойып, нақтыланған даму жоспарын қабылдаудан бас тарту туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде нақтыланған даму жоспарын бірыңғай операторға қайта енгізеді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а.
22.06.2026 № 81 (01.07.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

2-параграф. Даму жоспарын жартыжылдық нақтылау

34. Ұйымның бастамасы бойынша даму жоспарын жартыжылдық нақтылауға:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жолдауына, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына және өзге де жоспарлау құжаттарына енгізілетін өзгерістерге;

2) ұйым қызметінің негізгі бағыттарын өзгертуге;

3) мемлекеттік органның даму жоспарына (астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарына) өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге немесе оны қайта бекітуге;

4) бюджеттен қаражат бөлуге немесе қысқартуға немесе ұйымдарға бюджеттік кредиттеуге;

4-1) бос штат бірліктерінің болуына;

5) даму жоспарының көрсеткіштеріне әсер ететін бекіту органы мен ұйымның құқықтық актілерін және өзге де құжаттарын қабылдауға немесе өзгертуге байланысты жағдайларда жол беріледі.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а.
22.06.2026 № 81 (01.07.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

35. Ағымдағы қаржы жылы ішінде жартыжылдықта екі реттен асырмай даму жоспарын жартыжылдық нақтылауға жол беріледі.

36. Даму жоспарын жартыжылдық нақтылау осы Қағидалардың 12-тармағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

37. Ұйымның атқарушы органы осы Қағидалардың 34-тармағында көрсетілген жағдайларда даму жоспарының әрбір қосымшасына енгізілген нақтылаулардың негіздемелері мен түсіндірмелерін, сондай-ақ осы Қағидалардың 15-16-тармақтарында көзделген құжаттарды қамтитын түсіндірме жазбасы бар нақтыланған даму жоспарының жобасын бекіту органының қарауына енгізеді.

Осы Қағидалардың 34-тармағының 4-1) тармақшасында көзделген жағдайда, ұйымның атқарушы органы бекіту органына бос штат бірліктерін және еңбекақы төлеу қорын қысқарту жөніндегі ақпаратты қосымша енгізеді.

Бекіту органы нақтыланған даму жоспарының жобасын осы Қағидалардың 18-тармағында айқындалған мерзімдер мен тәртіппен қарайды.

Нақтыланған даму жоспарын бекіту органы оны атқарушы органның қарауына енгізген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде, бірақ осы Қағидалардың 15-

тармағының ережелерін ескере отырып, ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында 25 (жиырма бесінші) маусымнан және ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығында 25 (жиырма бесінші) желтоқсаннан кешіктірмей бекітеді.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.01.2026 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Ұйым даму жоспарын жыл сайынғы нақтылау бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оған ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қояды және сәйкестендіргішін көрсете отырып, PDF форматында бекітуші органның сканерленген шешімін тіркеп, бірыңғай операторға тізілімнің веб-порталы арқылы тізілімге қосу үшін жібереді.

39. Бірыңғай оператордың нақтыланған даму жоспарын қарауы осы Қағидалардың 24-тармағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

3-тарау. Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу және ұсыну тәртібі

40. Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті ұйымның атқарушы органы бес жылдық кезеңінің әр қаржы жылының қорытындылары бойынша веб-портал арқылы әзірлейді.

41. Есепті жылы бюджет қаражаты бөлінген ұйымның атқарушы органы есепті жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде тиісті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің жобасына қосу үшін даму жоспарының орындалуы туралы есепті әзірлейді және тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне жібереді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне жіберуге арналған даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту талап етілмейді

42. Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15-қосымшалардағы құрылымға, нысандарға, көрсеткіштерге сәйкес жүзеге асырылады және:

ұйымның даму жоспарының/даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің құрылымын;

ұйым паспортын;

корпоративтік құрылымын;

қызметтің негізгі бағыттарын (мақсаттар, міндеттер мен түйінді көрсеткіштер, іске асыру бағдарламасы);

қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерін (қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштері, кірістер, ақша қаражаты, республикалық бюджет және жергілікті бюджет қаражаты есебінен өнімдерді өткізу, шығыстар, инвестициялар және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, үлестік құралдарды сатып алуды);

қосымша көрсеткіштерді (алып отырған алаң және автокөлік, қарыз алу құрылымы, уақытша бос ақшаны орналастыру) қамтиды.

43. Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасы бекіту органының қарауына осы Қағидалардың 15-тармағының ережелерін ескере отырып енгізіледі:

қаржылық есептіліктің міндетті немесе бастамашылық аудитін жүргізбейтін ұйымның атқарушы органы – есепті жылдан кейінгі жылдың 15 (он бесінші) сәуірінен кешіктірмей;

қаржылық есептіліктің міндетті немесе бастамашылық аудитін жүргізетін ұйымның атқарушы органы аудиттелген қаржылық есептілік бекітілгеннен кейін – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде, бірақ, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) қыркүйегінен кешіктірмей енгізеді.

Ұйымның атқарушы органы даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасымен бір мезгілде бекітуші органдарға осы Қағидаларға 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28 және 29-қосымшалардағы нысандарға сәйкес қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемесін (активтер, пассивтер, персонал, тану көздері бойынша кірістер, ақша қаражатының түсуі мен шығуы, республикалық бюджет және жергілікті бюджет қаражаты есебінен өнімдерді өткізу, инвестицияларды, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, негізгі өндіріс жоспары, үстеме шығыстар мен қосымша өндіріске шығыстарды есепке ала отырып негізгі өндірістің шығыстары, көмекші өндіріске шығыстар, үстеме шығыстар, әкімшілік шығыстар, сыйақылар бойынша шығыстар, өзге де шығыстар) ұсынады.

44. Бекітуші орган даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын келіп түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

45. Бекітуші органның ескертулері болған жағдайда, ұйымның атқарушы органы ескертулер алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын пысықтап, оны бекітуші органның қарауына қайта ұсынады, бекітуші орган даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің пысықталған жобасын 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды.

46. Есепті бекіту органы осы Қағидалардың 15-тармағының ережелерін ескере отырып бекітеді:

қаржылық есептіліктің міндетті немесе бастамашылық аудитін жүргізбейтін ұйымдарға – есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 (бірінші) маусымынан кешіктірмей;

қаржылық есептіліктің міндетті немесе бастамашылық аудитін жүргізетін ұйымдарға – ұйымның атқарушы органының қарауына енгізілген күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталы арқылы бекітеді.

47. Ұйым даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекітілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оған ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол

қояды және сәйкестендіргішін көрсете отырып, PDF форматында бекітуші органның сканерленген шешімін тіркеп, бірыңғай операторға тізілімнің веб-порталы арқылы тізілімге қосу үшін жібереді.

48.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

48-тармақтың бірінші бөлігі 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 бұйрығымен (мәтін алып тасталды).

Мыналар:

1) бекітуші органның даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту туралы қоса берілген сканерленген шешімінің болмауы;

2) ұйымға тиесілі емес электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылуы даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Бірыңғай оператор даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті қабылдаудан бас тартқан жағдайда, ұйым ескертулерді жойып, даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті қабылдаудан бас тарту туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бірыңғай операторға қайта енгізеді.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 (01.07.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

49. Есепті жылдан кейінгі жылғы 30 (отызыншы) сәуірге дейін бекітілген жылдық аудиттелген қаржылық есептілік болмаған жағдайда, атқарушы орган тізілімнің веб-порталында даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын (жедел деректер бойынша) әзірлеуді жүзеге асырады және даму жоспарының орындалуы жөніндегі цифрлық есепті (жедел деректер бойынша) тізілімге енгізу үшін есепті жылдан кейінгі жылғы 1 (бірінші) маусымнан кешіктірмей бірыңғай операторға жібереді.

Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу және бекіту (жедел деректер бойынша) мынадай тәртіппен жүзеге асырылады

1) есепті кезеңнен кейінгі 10 (оныншы) мамырдан кешіктірмей даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті әзірлеуге жауапты ұйымның құрылымдық бөлімшесі даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын әзірлеуді жүзеге асырады (жедел деректер бойынша) және оны ұйымның атқарушы органының қарауына енгізеді.

Ұйымның атқарушы органы 5 (бес) жұмыс күні ішінде даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын (жедел деректер бойынша) қарайды және оны бекіту туралы не пысықтау үшін қайтару туралы шешім қабылдайды.

Ескертулер болған кезде ұйымның жауапты құрылымдық бөлімшесі ескертулерді алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде даму жоспарының орындалуы жөніндегі

есептің жобасын (жедел деректер бойынша) пысықтайды және оны ұйымның атқарушы органының қарауына қайта ұсынады;

2) даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын (жедел деректер бойынша) ұйымның атқарушы органы бекітеді.

Ұйымның атқарушы органы даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті (жедел деректер бойынша) бекітудің қорытындылары бойынша 2 (екі) жұмыс күні ішінде оны PDF форматында бекіту туралы ұйымның атқарушы органының сканерленген цифрлық есебіне қоса бере отырып, тізілімге енгізу үшін бірыңғай операторға цифрлық есепті жібереді.

Бірыңғай оператор даму жоспарының орындалуы жөніндегі есеп (жедел деректер бойынша) келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұйымның электрондық мекенжайына даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің тізілімге қабылданғаны туралы хабарламаны (жедел деректер бойынша) не оны қабылдаудан бас тарту туралы хабарламаны жібереді.

Мыналар:

1) ұйымның атқарушы органының даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің (жедел деректер бойынша) бекітілгені туралы қоса берілген сканерленген шешімінің болмауы;

2) ұйымға тиесілі емес электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қою даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті (жедел деректер бойынша) қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Бірыңғай оператор даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті (жедел деректер бойынша) қабылдаудан бас тартқан жағдайда ұйым даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті (жедел деректер бойынша) қабылдаудан бас тарту туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ескертулерді жояды және даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті (жедел деректер бойынша) бірыңғай операторға қайта енгізеді.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 (01.07.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

50. Уақытша бос ақша қаражатын қаржы құралдарына орналастырған және қарыздарды тартқан жағдайда, ұйымдар есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (онына) дейін, тоқсан сайын ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылатын, осы Қағидаларға 30 және 31-қосымшаларға сәйкес, тізілімге қосу үшін қарыз алу құрылымы және уақытша бос ақшаның орналастырылғаны туралы есепті ақпаратты жолдайды.

4-тарау. Даму жоспарының іске асырылуына мониторинг жүргізудің тәртібі

51. Мемлекеттік органның даму жоспарында астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарында көзделген ұйымның қаржы-шаруашылық

қызметінің көрсеткіштері мен өзге де көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты талдау және қорыту даму жоспарларының іске асырылуының мониторингі болып табылады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 (01.07.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

52. Басқарушы орган жыл сайын есепті жылдың алдындағы жылдың 10 (оныншы) қазанынан кешіктірмей, ұйымдардың бекітілген даму жоспарларының және олардың орындалуы жөніндегі есептердің негізінде ұйымдардың даму жоспарларының іске асырылуын мониторингілеуді жүзеге асырады.

53. Мониторинг жүргізу үшін басқарушы орган тізілімнің веб-порталында ұйымның қызметі туралы ақпаратты (қызметтің мақсаттары мен міндеттеріне, түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу, ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі) осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес қалыптастырады.

54. Осы тармақта көрсетілген, төменде келтірілген ақпаратты талдау негізінде басқарушы орган даму жоспарларын іске асырылуын мониторингілеудің нәтижелері туралы есепті қалыптастырады, олар мынадай:

1) даму жоспарларына өзгерістер енгізудің, даму жоспарларына өзгерістер енгізу рәсімдері мен мерзімдері бойынша талаптарды сақтаудың негізділігі туралы;

2) қызметтің жоспарланған және нақты қол жеткізілген түйінді көрсеткіштері, оларға қол жеткізбеудің себептері туралы;

3) бюджетке аударылуға тиіс дивиденттер, қатысу үлесіне кіріс, МК таза кірісінің бір бөлігі туралы;

4) персоналдың жағдайы мен еңбекақы төлеу қоры туралы, оның ішінде бос штат бірліктерін қысқарту туралы;

5) ұйымдардың қаржылық тұрақтылығы туралы;

